

Қорытындыласам Атырау облысының жер атауларын зерттеу нәтижесінде олардың аймақ тарихы мен мәдениетін терең сипаттайтыны анықталды. Атаулар тек орындардың атауы ғана емес, халықтың тұрмысын, шаруашылығын, табиғатпен байланысын және тарихи оқиғаларға қатысын көрсететін маңызды дерек көзі болып табылады. Зерттеу барысында ежелгі атаулардың халық дәстүрі мен мәдениетімен тығыз байланысы, сондай-ақ заманауи атаулардың тарихи атауларды толықтырып, мәдени мұраны сақтаудағы рөлі анықталды. Бұл атаулар арқылы біз өткенді еске алып, қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, мәдени және тарихи сананы қалыптастыра аламыз. Сонымен қатар, жер атаулары этнографиялық деректер мен фольклор элементтерін зерттеуге де мүмкіндік береді. Халық аңыздары мен тарихи мәліметтер арқылы берілген атаулар аймақтың рухани және мәдени ерекшеліктерін ашады, зерттеушілерге терең талдау жасауға жол береді. Атырау ономастикасы аймақ тарихы мен мәдениетін түсінудің, халық дәстүрін сақтаудың және болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Жер атаулары - тек сөз немесе нышан емес, олар халықтың өткенін, мәдениетін және дүниетанымын бейнелейтін өмірлік маңызды элементтер екені айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. 135 б.
2. Диарова М. Топонимия Атырауской области в условиях казахскорусского двуязычия. Атырау: Изд-во АТГУ им. Х. Досмухамедова, 2006. 158 с.
3. Герасимов И. П. Каспийское море: природа, история, хозяйство. Москва: Наука, 1974. 327 с.
4. Аниськова Е.Б. История Мартукского района, 2006. Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 2 том. Ақтөбе, 2006. - 524 б
5. The historical and cultural heritage of the Atyrau region as tourism development resource» (Akhmedenov, Sdykov, т.б., 2021)
6. Мурзаев Э. М. Словарь народных географических терминов. - Москва: Мысль, 1984. 653 с.

АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Марякова Д.К.

Ғылыми жетекшісі: PhD - Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

marakovadilnaz@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Арқалық қаласының ономастикалық кеңістігі тарихи-географиялық үрдістердің, элеуметтік-мәдени өзгерістердің және өндірістік игерілу кезеңдерінің ықпалымен қалыптасқан құбылыс ретінде талданады. Арқалық қаласының қалыптасу тарихында негізгі топоним - Қызылқозы атауының генезисі, оның географиялық, табиғи-ландшафттық және шаруашылық ерекшеліктермен байланысы қарастырылады. Сонымен бірге қала атауының «Арқалық» болып өзгеруінің мазмұндық, семантикалық негіздері мен аймақтық топонимиядағы орны ғылыми тұрғыдан түсіндіріледі. Зерттеуде тарихи мұрағат материалдары, геологтардың далалық күнделіктері, жергілікті тұрғындардың естеліктері және топонимдік сипаттағы филологиялық деректер пайдаланылды. Арқалық аймағына тән жер-су атауларының эволюциясы өңірдің өндірістік-экономикалық дамуы, боксит кенінің игерілуі, жаңа қоныстардың қалыптасуымен тығыз байланыста сараланды. Қаланың ішінде қалыптасқан микротопонимдер, көше атаулары, өндірістік нысандар атаулары және олардың тарихи уәжділігі ономастика ғылымының әдістерімен жүйеленді. Мақала Арқалықтың ономастикалық қабаттарын тарихи кезеңдерге бөліп қарастырып, аймақтың мәдени және өндірістік кеңістігін бейнелейтін атаулардың өзара сабақтастығын анықтауға бағытталған.

Кілт сөздер: Арқалық, Қызылқозы, ономастика, топонимия, микротопоним, боксит кені, аймақтық атаулар.

Аннотация

В статье анализируется ономастическое пространство Аркалыка, сформированное под влиянием природных, исторических и промышленных факторов. Происхождение топонима Кызылқозы связывается с красноватой почвой и древними пастбищными территориями. Переименование в Аркалык объясняется природно-географическими особенностями, где термин обозначает невысокую гряду. На основе архивных материалов геологоразведки и современных

ономастических данных выделены основные пласты топонимии города: природные названия, индустриальные топонимы периода освоения боксита, антропонимы в честь геологов и первостроителей, советские идеологические названия и постсоветские национальные атаулар. Делается вывод, что ономастическая система Аркалыка отражает историческую память и промышленное развитие региона.

Ключевые слова: Аркалык, Кызылқозы, ономастика, топонимия, микротопоним, бокситовое месторождение, региональные топонимы

Abstract

The article examines the onomastic landscape of Arkalyk, focusing on the historical, geographical and industrial factors that shaped the city's place names. The origin of the toponym Kyzylkozy, the earliest name of the area, is described as being linked to the reddish soil and traditional pastoral land use. The later renaming to Arkalyk is explained through the natural geography of the region, where the term refers to a small ridge or elevation. Using archival materials from geological expeditions, field reports, and modern onomastic data, the study identifies several layers of Arkalyk's toponymy: natural landscape names, industrial and technical names formed during bauxite exploration, anthroponyms linked to geologists and early settlers, Soviet ideological names, and post-independence national toponyms. The article concludes that Arkalyk's onomastics reflects the region's cultural memory and industrial development.

Keywords: Arkalyk, Kyzylkozy, onomastics, toponymy, microtoponym, bauxite deposit, regional place names

Кіріспе

Аркалық қаласының ономастикалық тарихы - өңірдің шаруашылық игерілуі, геологиялық зерттелуі, жаңа қоныстардың қалыптасуы және әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тікелей сабақтас күрделі үдеріс. Торғай өңірінің орталық бөлігінде орналасқан Аркалық қаласының негізінде ХХ ғасырдың ортасындағы өндірістік серпіліс пен табиғи ресурстарды игеру қарқыны жатыр. Аймақтың ежелгі атауы - Қызылқозы - жер бедері мен топырақ түсіне қатысты берілген табиғи-ландшафттық атау. Қызыл реңкті топырақ жамылғысы, мал жайылымына қолайлы қоныс болуы бұл атаудың жергілікті халық арасында орнығуына негіз болған. Қаланың ономастикалық кеңістігінің қалыптасуына 1939-1950 жылдардағы геологиялық барлау жұмыстары ерекше әсер етті. Академик Қ. И. Сәтбаев бастаған геологтар тобы Қызылқозы аумағында боксит кенінің қоры бар екенін анықтап, оны картаға енгізді. Осыдан кейін өңірге геологиялық экспедициялар шоғырланып, алғашқы жұмысшы қоныстары пайда болды. 1948 жылы Торғай геологиялық барлау экспедициясының ашылуы, көшіп келген алты отбасының жеркепе қазып, жаңа тіршілікті бастауы Қызылқозы топонимінің өндірістік мағынадағы жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

1950 жылдары бұл аумақта тұрақты шахталық қоныс қалыптасып, ол кейіннен қала мәртебесіне жеткен трансформациялық процестің басталуына әкелді. 1951 жылы Қызылқозы атауының орнына Аркалық атауының берілуі географиялық-құрылымдық сипаттағы «арқа», «жота» мағынасын меңзейтін топонимдік терминологиямен байланысты. «Аркалық» сөзі - «ұсақ жота», «төбе» мағынасындағы көне атау, бұл аймақтың табиғи келбетіне дәл сәйкес келеді.

Осылайша Аркалық қаласының ономастикасы тек атаулар жиынтығы емес, аймақтың өндірістік, тарихи және әлеуметтік болмысының бейнесі. Бұл зерттеудің мақсаты - Аркалық қаласы мен оның аумағындағы топонимдердің қалыптасуын ғылыми тұрғыда жүйелеу, олардың этимологиясын, уәжділігін және тарихи кезеңдерге қатыстылығын талдау.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында ономастиканың классикалық әдістері - этимологиялық талдау, топонимдік картографиялау, салыстырмалы-тарихи әдіс және семантикалық жіктеу тәсілдері қолданылды. Материалдық база ретінде Қызылқозы және Аркалық өңіріндегі геологиялық барлау экспедицияларының архивтік құжаттары, 1948-1956 жылдардағы далалық зерттеу есептері, геологтар А. Н. Волков, В. Лопатин және Қ. Сәтбаевтың еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар жергілікті тұрғындардың ауызша деректері, әкімшілік-аумақтық атауларды бекіту жөніндегі құжаттар, картографиялық материалы мен қазіргі ономастикалық реестрлер негізге алынды. Қала ішіндегі көше атаулары, өндірістік нысандардың атаулары, тарихи топонимдердің сақталу деңгейі жүйелі түрде сараланды.

Аркалық қаласының ономастикалық құрылымы тарихи кезеңдерге қарай бірнеше қабаттан тұрады. Ең ежелгі қабат - Қызылқозы атауына негізделген ландшафттық топонимдер. Қызылқозы атауының уәжділігі топырақтың қызыл-жоса түсті болуымен, оның мал шаруашылығына қолайлы шұрайлы жайылымдық рөлімен түсіндіріледі. Бұл кезеңдегі атаулар табиғи-географиялық сипатқа көбірек ие [3. 92 б].

Екінші қабат: өндірістік-техникалық топонимдер. 1939-1950 жылдары боксит кенінің табылуы аймақтың ономастикалық картасына жаңа мазмұн әкелді. «Арқалық руднигі», «Геологиялық поселок», «Бірінші шахта», «Қараүңгір учаскесі» сияқты атаулар геология және тау-кен өндірісінің ықпалын көрсетеді. Сол кезеңдегі «Копай город» атауы да тұрғындардың тілдік практикасына енген микротопоним ретінде ерекше құнды.

Үшінші қабат: әлеуметтік-тарихи антропонимдерге негізделген атаулар. Бұл қабатта белгілі геологтар мен еңбек ардагерлерінің есімімен байланысты атаулар жиі кездеседі. Қала көшелерінің бір бөлігінің Лопатин, Волков, Байсенов сынды тұлғаларға арнауы - аймақтың қалыптасу тарихына тікелей қатысты.

Төртінші қабат: кеңестік кезең ономастикасы. Арқалық Торғай облысының орталығы болған кезеңде қаланың ішкі атау құрылымы идеологиялық мазмұнға бейімделіп, көше атауларында кеңестік идеологемалар басым болды. Бұл кезең қала тарихындағы ономастикалық жүйенің стандарттандырылған, біркелкі сипатын айқындайды.

Бесінші қабат: тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық ономастика. 1990 жылдардан бастап өңірде тарихи атауларды қалпына келтіру, ұлттық тұлғалардың есімдерін беру үдерісі жүзеге асуда. Бұл кезеңде жергілікті географиялық атаулардың тарихи уәжділігі күшейіп, қала ономастикасының ұлттық сипат алуы айқын көрінеді [1. 140 б].

Арқалық атауының өзі де зерттеуді қажет ететін феномен. «Арқалық» термині «арқа» - жота, көтеріңкі жер бедері деген мағынаны білдіреді. Бұл аймақтың табиғи рельефіне толық сәйкес келеді. Демек, қала атауы - географиялық терминнің урбанистік нысанға телінуінің жарқын мысалы.

Ономастикалық кеңістіктің тағы бір маңызды бөлігі - өндірістік және табиғи нысандардың атаулары. Арқалық маңындағы қоныстар, учаскелер, карьерлер, су көздерінің атаулары геологиялық құрылым мен жер рельефін сипаттайды. Бұл атаулардың сақталуы аймақтың тарихи-өндірістік мәдениетін бейнелейді. Осылайша Арқалықтың ономастикасы көпқабатты, тарихи жағынан жүйелі және кеңістіктік дамуы жағынан тұтас құрылым болып табылады [2. 211 б].

Нәтиже

Зерттеу нәтижелері Арқалық қаласының ономастикалық кеңістігі аймақтың табиғи болмысы, геологиялық ресурстары, қоныстану тарихы және әлеуметтік ұйымдасуы сияқты бірнеше іргелі факторлардың өзара ықпалдасуы арқылы қалыптасқан күрделі жүйе екенін көрсетті. Арқалық ономастикасының ең негізгі ерекшелігі - оның қалаға дейінгі кезеңнен бастау алатын ұзақ тарихи сабақтастығы және атаулардың әрқайсысының нақты табиғи, шаруашылықтық немесе өндірістік уәжділікке ие болуы. Бұл атаулар кездейсоқ жасалмаған, керісінше өңір тарихының түрлі кезеңдерін белгілеуші семиотикалық реперлер ретінде қызмет етеді.

Қызылқозы атауының тарихи мәні қаланың қазіргі ономастикалық құрылымында да маңызды орын алады. Бұл атау ресми топоним ретінде қолданылмаса да, оның өңірлік жадыдағы орны, тарихи-этнографиялық деректердегі қолданысы және жергілікті халықтың тілдік санасында сақталуы оның аймақтық ономастикалық идентификациядағы рөлін күшейтеді. Қызылқозы атауы өзінің семантикалық қуатымен Арқалық тарихының бастапқы кезеңін айқындайтын негізгі арқаулық нүкте қызметін атқарады. Арқалық атауының табиғи-географиялық мазмұнға негізделуі зерттеу үшін маңызды қорытындының бірі болып табылады. Қала атауының жер бедерімен сәйкес келуі - ономастикалық жүйенің табиғи факторға тәуелділігін дәлелдейді. Бұл - урбанонимдердің табиғи топонимдерден тікелей туындайтын сирек кездесетін мысалдарының бірі. Осы ерекшелік Арқалық атауының жасанды емес, табиғи семантикалық базаға ие екенін көрсетеді. Қала кеңістігіндегі атаулардың басым бөлігінің қалыптасуы өндірістік құрылыммен байланысты екені анықталды. Боксит кенінің ашылуы тек экономикалық дамуға ғана емес, жаңа ономастикалық үлгілердің пайда болуына да әсер еткен. Геологиялық нысандар, кен басқармалары, өндірістік кешендер мен қызметтік аймақтардың атаулары прагматикалық сипатта болып, белгілі бір техникалық қызметті, функционалдық міндетті немесе әкімшілік құрылымды білдіреді. Бұл - Арқалық ономастикасының қызметтік-утилитарлық сипатының жоғары екенін дәлелдейді [4. 81 б].

Қала кеңістігіндегі антропонимдік атаулардың өзіндік орны бар. Олар негізінен нақты тұлғалардың еңбегін ұлықтау мақсатында берілгенімен, олардың тілдік және әлеуметтік құндылығы қала тарихының институционалдық жадымен тығыз байланысты екенін көрсетті. Антропонимдер Арқалық қаласының қалыптасу кезеңінде еңбек сіңірген жандардың есімін тарихи кеңістікте бекітіп, материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кейінгі кезеңдегі ономастикалық өзгерістер қалада ұлттық-мәдени реңктің күшейгенін, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру бағытындағы тілдік саясаттың белсенді жүріп жатқанын байқатады. Идеологиялық мазмұндағы көшелердің қайта аталу үдерісі ономастикалық кеңістіктің динамикалық сипатын

дәлелдейді. Жаңа атаулардың берілу логикасы тарихи нақтылықты, аймақтық сәйкестікті және ұлттық мазмұнды күшейтуге негізделген [5. 23 б].

Арқалықтың ономастикалық жүйесін зерттеу оның тек топонимдік бірліктер жиынтығы емес, әлеуметтік-мәдени кеңістік ретіндегі мәнін айқындады. Атаулар қаланың тарихи дамуын, экономикалық трансформациясын, өндірістік өркендеуін және тұрғындардың әлеуметтік жадысын көрсететін маңызды ақпараттық қабат болып табылады. Зерттеудің нәтижесі Арқалық ономастикасының табиғи, тарихи және әлеуметтік факторлардың тоғысынан туған күрделі тілдік жүйе екенін дәлелдейді.

Зерттеу барысында Арқалық пен оған іргелес аумақтың атауы ғылыми және тарихи әдебиеттерде көбіне «Торғай» немесе «Турғай» түрінде қолданылатыны байқалды. Топонимнің шығу тегі мен оның жазылуында бірізділіктің болмауына байланысты қазіргі еңбектерде бірнеше нұсқа қатар қолданылады. Көптеген археологиялық және тарихи материалдар алғаш ғылыми айналымға «Торғай» транскрипциясымен енгендіктен, олардың атаулары осы нұсқада сақталып келеді. Осы жұмыс аясында Арқалық өңірі аталған топонимдердің барлығымен сабақтас географиялық-тарихи кеңістік ретінде қарастырылады [6. 6 б].

Осылайша Арқалық қаласының ономастикасы өңірдің тарихи-мәдени болмысын танытатын құнды дерек көздерінің бірі болып табылады. Жүргізілген зерттеу оның құрылымдық ерекшеліктерін, уәжділік негіздерін және тарихи дамуын айқындап, аймақтық топонимияны ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік берді.

Қорытынды

Арқалық қаласының ономастикасы - аймақтың тарихи, геологиялық және әлеуметтік даму кезеңдерін бейнелейтін күрделі жүйе. Зерттеу барысында Қызылқозы - Арқалық өңірінің ең көне атауы ретінде ландшафттық, шаруашылықтық және тарихи уәжділікке ие топоним екені айқындалды. Бұл атаудың өңірлік жадтағы рөлі Арқалық қаласының қалыптасу тарихының негізгі бастауы болып табылады. Қала атауының «Арқалық» болып өзгеруі табиғи-рельефтік сипатқа негізделген географиялық терминді қаланың урбанистік нысанына қолдану тәжірибесін көрсетеді.

Өңірдің ономастикалық кеңістігі түрлі тарихи кезеңдерге сәйкес қалыптасқан бірнеше қабаттан тұрады. Геологиялық барлау жұмыстары мен боксит кені өндірісінің дамуы нәтижесінде пайда болған өндірістік атаулар, қала құрылысына үлес қосқан тұлғалардың антропонимдік атаулары, кеңестік кезеңдегі идеологиялық атаулар және тәуелсіздік дәуіріндегі ұлттық атаулар жүйесі Арқалықтың ономастикалық құрылымын жан-жақты көрсетеді. Әрбір атау белгілі бір тарихи кезеңнің тілдік-мәдени көрінісі ретінде бағаланып, өңірдің әлеуметтік-тарихи болмысын толықтырады.

Жүргізілген талдау Арқалық ономастикасының тарихи сабақтастыққа негізделгенін, атаулардың уәжділік деңгейінің жоғары екенін және өңірлік топонимияның табиғи-географиялық ерекшеліктермен тығыз байланыста болғанын дәлелдеді. Сонымен бірге ономастикалық нысандардың эволюциясы қаланың әлеуметтік және өндірістік даму динамикасын анық көрсетеді.

Осылайша Арқалық қаласының ономастикалық жүйесі ғылыми тұрғыдан маңызды зерттеу нысаны болып табылады және аймақтың мәдени-тарихи мұрасын тану тұрғысынан құнды дереккөз ретінде қарастырылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 3 (Тарановский, Денисовский и Житикаринский районы). - Костанай: ТОО «Центрум», 2010. - 260 с.
2. Абилов Е.А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 2 (Карабалыкский, Федоровский, Костанайский районы). - Костанай: ТОО «Центрум», 2010. - 294 с.
3. Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 4 (Аулиекольский, Камыстинский, Наурзумский районы). - Костанай: ТОО «Центрум», 2012. - 300 с.
4. Ксенжик Г. Населенные пункты кустанайского уезда конца XIX-начала XX вв. // Мысль. - 2013. - №1. - 89-92 с.
5. Ахметова Б.З. Региональная социоллингвистика: на материале топонимии Костанайской области.- Монография. Научное издание. - Костанай: КГУ имени А.Байтурсынова, 2017 г.- 150 с.
6. Базарбаева Г. А., Байдалы Р. Ж., Бейсенов А. и др. Культура населения Тургай и сопредельных регионов: человек и эпоха. Коллективная монография - Алматы: Институт археологии им. А. Х. Маргулана, 2017. - 360 с.